Казахстанские связисты постоянно участвуют в крупномасштабных международных соревнованиях и учениях. В рамках Армейских международных игр в 2018 и 2019 годах команда войск связи Вооруженных Сил РК заняла первые места в конкурсе «Уверенный прием».

Для Вооруженных Сил Казахстана связистов готовят в Военно-инженерном институте радиоэлектроники и связи. Здесь функционируют кафедры организации связи и военной техники связи, оснащенные современными лабораториями и техническими средствами.

У истоков зарождения казахстанской армии стояли ветераны связи генерал-майор Мубарек Орынбекович Орынбеков, полковник Ержан Токтарович Касымханов, полковник Тимур Токанович Кемербаев, полковник Серик Кадылбекович Курманов и многие другие. Каждый из них внес огромный вклад в укрепление обороноспособности Казахстана.

## ВАЖНЫЕ ВЕХИ РАЗВИТИЯ ВОЙСК СВЯЗИ КАЗАХСТАНА

**7 мая 1992 года** был создан Отдел связи как структурное подразделение Главного штаба ВС РК.

**15 июля 1992 года** назначен первый начальник войск связи Главного штаба ВС РК генерал-майор Орынбеков Мубарек Орынбекович.

**1 октября 1992 года** Отдел связи преобразован в Управление связи Главного штаба Вооруженных Сил Республики Казахстан.

**31 октября 1994 года** впервые был сформирован Департамент связи Генерального штаба ВС РК

**2001 год** - Войска связи ВС РК приступили к глобальной модернизации существующей системы связи с целью перехода на цифровые системы передачи и построения единой сети связи.

**13 августа 2007 года** - Департамент связи КНШ МО РК преобразовывают в Главное управление информатизации и связи Вооруженных Сил Республики Казахстан для осуществления инновационного развития военной телекоммуникации.

**В 2009 году** происходит разделение компетенции и создается Главное управление связи ВС РК как самостоятельный орган военного управления войсками связи ВС РК.

**15 сентября 2019 года** Главное управление связи реформируется в Департамент связи и входит в состав Генерального штаба ВС РК.







# ҚАРТТАРЫМ, АМАН-САУ ЖҮРШІ

«Қарты бар үйдің – құты бар». Жас ұрпаққа үлгі-өнеге, бағыт-бағдар беріп, өмірлік тәжірибесімен бөлісіп отыратын кешегі буын – қарттардың орны қоғамда қашанда ерекше. Елімізде жыл сайын арнайы қарттар күнін атап өту жақсы дәстүрге айналған. Осы ретте атаулы күнге орай біз де «Қарттарымыздың бүгінгі жайы қалай, қоғамдағы үлес салмағы қандай?» деген сұрақтар төңірегінде ізденіп көрдік.







Әдетте қарттар деп жасы зейнет жасына келген, яғни 63-тен асқан азамат немесе азаматшаларды айтамыз. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметіне сүйенсек, республикада 2 млн 236 мыңнан астам жасы бойынша зейнеткер тұрады екен. 2014 жылы жасы 65-тен асқандар халықтың 6,8 пайызын құраса, 2018 жылдың соңында олардың үлесі 7,5% болған. Яғни 18 млн. республика халқының 7,5%-ын қарттар құрайды деген сөз. Мамандар бұл сандар көрсеткішіне қарап Қазақстанда қарттар үлесінің өсуі қатты байқалуда, БҰҰ жас шамасы шкаласы бойынша Қазақстан азаматтары қартайған халық деп есептеледі деген қорытындыға келіп отыр.

Енді осы үрдіспен қатар елімізде адамдардың өмір жасы да ұзарып

келеді. 2014 жылы ел азаматтарының өмір сүру ұзақтығы 71,44 жас болса, 2018 жылдың соңында 73,15 болды. Бұған халықтың өмір сапасының артуы себеп болуы мүмкін деген болжамдар жасалуда.

Белсенді ұзақ өмір сүру индексінің жиынтық мәні бойынша Қазақстан 30 елдің ішінде тоғызыншы орында тұр. Индекс бойынша көрші елдер Франция мен Эстония. Ал Ресей осы рейтингіде 28-ші орында. Бұл статистиканың қаншалықты шындыққа жанасатындығын білмейміз. Бірақ осы статистиканы түсіндіру үшін мына үзіндіні келтіріп өтейік. «Қолайлы орта мен белсенді ұзақ өмір сүру үшін мүмкіндіктер параметрлеріндегі осындай жоғары позиция ең алдымен Қазақстанның қарт азаматтарының өте жоғары білім деңгейі есебінен

қамтамасыз етіледі; осы көрсеткіш бойынша республика Еуропа елдерін басып озады», – делінген ЮНФПА баяндамасында.

Осы баяндамада, сондай-ақ қарттарды қорғау мәселесіндегі Қазақстанның кемшін тұстары да аталады.

«Әрбір бесінші егде жастағы қазақстандықтардың қаржылық жағдайы қиын. Медициналық қызметтер қолжетімді болуы керек деп санайтын респонденттердің үлесі 2008 жылғы 35 пайыздан 2020 жылы 48 пайызға дейін өсті. 2008 жылы қарттардың 45 пайызы қоғамда қарттарға қатысты зорлық-зомбылық бар деп мәлімдесе, 2020 жылы бұл көрсеткіш 61-ге көбейді» – делінген зерттеу нәтижелерінде.

Иә, әрбір азаматтың қартайған



кезіндегі өмірін лайықты ету мемлекетіміздің әлеуметтік саясатының басты бағыттарының бірі болуы керек. Бар ғұмырын қоғамның даму жолына арнаған, зейнет жасына дейін қажыр-қайратын жұмысқа берген азаматтар қартайған шағында қаржылық қиындықтарға тап болмай, лайықты деңгейде өмір сүру керек емес пе?

Енді біздегі ең төменгі зейнетақы төлемдері қандай? Соған тоқталайық.

1. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері – 18524 теңге.

2. Зейнетақының ең төменгі мөлшері – 43272 теңге.

3. Базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 34 302 теңге.

Бұл – 2021 жылға арналған зейнетақы төлемдерінің мөлшері. Жасы зейнет жасына келіп, дербес зейнеткер атанған

адам бұл қаражатқа қаншалықты жеткілікті деңгейде күн көре алады? Бұл жерде біз зейнеткерлердің жұмыс істеген мамандығына қатысты қарастырмай, жалпы республика деңгейіндегі жағдайын айтып отырмыз.

Елімізде қарттарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жағы да жақсы жолға қойылмаған. Қарт адамдарды санаторий-курорттық емдеумен, дәрі-дәрмектермен және басқа да жеңілдіктермен қамтамасыз етудің деңгейлері әртүрлі. Мәселен, Қазақстанның бірқатар аймақтарында қоғамдық көліктерде жүру үшін жеңілдіктер әртүрлі. «Егер Нұр-Сұлтан қаласында жасы мен еңбек өтілі бойынша зейнеткерлер тегін жүруге құқылы болса, мысалы, Қызылордада 70 жастан асқан зейнеткерлерге 50 % жеңілдік қарастырылған. Сол сияқты, еліміздің көп өңірінде зейнеткерлерге курорттық

ем ұсыну ісі де біізді емес», – дейді халық қалаулылары.

Енді әскери салаға тоқталайық. Осыдан 10 жыл бұрын 2011 жылы 21 маусымда «Қарулы Күштерінің ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігі құрылды. Еліміз Қарулы Күштерінің бір тармағындай болған ардагерлер ұйымы қоғамға қызмет етіп келеді. Қазір сол ұйымда жалпы саны 19 мыңдай ардагер бар. 19 мың ардагер бүкіл республика халқының 1%-ін құрайды. 19 мыңның 10 мыңы – әскерде 25 жыл, толық қызмет еткендер, яғни ардагерлер. Соның 5 мың ардагері бірлестікте есепте тұр. Ал 19 мыңның қалған 9 мыңы – толық жылы жетпей, «гражданкамен» зейнетке шыққандар. «Қарулы Күштерінің ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігі сол әскерден зейнетке шыққан 19 мың зейнеткердің бәрін қамтиды. Яғни 14







облыстық, 3 қалалық филиалдағы ардагерлер ұйымына кіретін ардагерлердің барлығының мәселесін қарайды. Атап айтқанда, әскери зейнеткерлерді жылдық санаторлық емдеуге жіберу; үй жағдайына көмектесу; жақын туысқандары қайтыс болса оларға көмек беру; әскери зейнеткерлер мен олардың отбасыларында емделмейтін аурумен ауыратын, көмекке мұқтаж жандар болса, әлеуметтік көмек көрсету; жұмыс іздеп жүрген, жұмыс істеуге қабілеті бар зейнеткерлерге жұмыс қарастыру, қысқаша айтқанда, Қарулы Күштерінің ардагерлері мен олардың отбасы мүшелерінің мүддесі мен құқығын қорғайды.

Бұл жерде атап өтетін жайт, әскери саладан зейнетке шыққан ардагерлердің зейнетақысы және тұрғын үй мәселесі мемлекет тарапынан реттелетін болса, ал әлеуметтік-қоғамдық мәселелер осындай бірлестіктердің жұмысы арқылы да шешімін тауып жатады. Ал бірлестіктің құрамындағы ардагерлердің мәселесін шешуге қаржы қайдан келеді деген сұраққа келетін болсақ, біріншіден, Қорғаныс министрлігі қаржыландырады, екіншіден, сол ардагерлердің ай сайынғы жарнасы қор ретінде тұрады. «Біз Қорғаныс министрлігінің бір тармағы сияқтымыз. Егер ардагерлеріміздің санаторлық-курорттық емделу мәселесіне келетін болсақ, «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңның 50-бабында жиырма бес және одан да көп еңбек сіңірген жылдары барларға санаторлық-курорттық емделу беріледі деп жазылған. Сол бойынша жыл сайын ақша бөлініп, қандай да бір көлемде бізге жолдама беріледі. Мысалға айтайық, егер биылғы жылы бізге 28 жолдама берілетін болса, біз 28 жолдаманы ардагерлер ұйымының 17 филиалына бөлеміз. Бұрын «Оқжетпес» шипажайына да жіберетін. Қазір Балқаш, Алтынемел, Көкшетаудың Қотыркөл, Қостанайдың «Зеленый бор» шипажайларына ардагерлерге жолдама береді», – дейді «Қарулы Күштерінің ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігінің орталық кеңесінің мүшесі, М.Нәрікбаев атындағы Қазақ гуманитарлық Заң университетінің әскери кафедрасының аға оқытушысы полковник Қаскей Ысқақұлы Данғұлов.

Осы ретте, біз «Қарулы Күштерінің

ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігінің орталық кеңесінің мүшесінен әскери салада зейнетке шыққан ардагерлеріміздің тұрғын үймен қамтылу жағы қалай деген сұрағымызға полковник Қаскей Ысқақұлы: «Бізде әскерден кетерде ең бірінші жағдайда оның пәтері бар ма, жоқ па тексеріледі. Мен 1970 жылдан бері әскерде қызмет етіп келемін. Міне, биыл 51-ші жылға аяқ бастым. Мен пәтерсіз қалды деген әскери зейнеткерді көрген жоқпын», – деп қысқа қайырды.

Хош, қарттарымыздың әлеуметтік мәселесін біраз айтып көрдік. Енді «аузымызды қу шөппен сүрте бермей» жыл сайын бюджеттен қарттарымызды қолдауға қанша қаржы қарастырылады, осыған тоқталсақ.

Ағымдағы жылдың ішінде жергілікті бюджеттердің мүмкіндіктерін ескере отырып және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында қарт адамдарды әлеуметтік қолдауға 11,9 млрд теңгеден астам қаражат бағытталыпты.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне біржолғы материалдық көмекке – 6,4 млрд теңге (шамамен 115,8 мың адам); азық-түлік жиынтығын ұсынуға – 145,5 млн теңге (31,6 мың адам); жеңілдікпен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге – 46,6 млн теңге (4 мың адам); тіс протездеуге – 229 млн теңге (2,5 мың адам); санаторлық-курорттық емдеуді ұсынуға – 1 млрд 247,8 млн теңге (24,1 мың адам); тұрғын үйді жөндеуге – 39,9 млн теңге (517 адам); отынмен қамтамасыз етуге – 286,5 млн теңге (10,5 мың адам); жалпы

пайдаланымдағы көлікте жеңілдікпен жол жүруге – 878,0 млн. теңге (8 мың адам); көмектің басқа түрлеріне – 2 млрд 667,8 млн теңге (182,5 мың адам).

Жыл сайын 1-ші қазанда Қазақстанда Қарттар күніне орайластырылған айлық басталады. Облыстардың, қалалар мен аудандардың әкімдері, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары аға буын азаматтарын әлеуметтік қолдау жөніндегі іс-шараларды, еңбек ұжымдарында кездесулерді, амбулаториялық-емханалық ұйымдарда Ашық есік күндерін және басқа да шараларды өткізеді.

Семей қаласында орналасқан Әуе қорғанысы күштеріне қарасты 31767 әскери бөлімінің азаматтық персоналы Гүлмира Елемесова: «Қоғамда бала-шағаның қуанышынан айрылған қарттарымыздың бар екенін ұмытпайық. Ай сайын болмаса да жылына бір рет 1 қазан күні «Қарттар үйіне» бас сұғыңыз, ол кісілердің ақ тілектері мен баталарын алып қайтасыз. «Кәріге құрмет – балаға міндет» дегендей, қайда жүрсек те ата-аналарымызға ұдайы көңіл бөлуді ұмыт қалдырмай, қоңырау соғып, хал-жағдайын сұрап тұрайық, ағайын!», – дейді.

«Қартың болса жазып қойған хатпен тең» дейді дана халқымыз. Қартын сыйлаған елдің кері кеткенін көрген жоқпыз. Қазыналы қарттарымызды қадірлейік!

**Меруерт САФАЕВА**



# ГЛАВНОЕ ДОСТОЯНИЕ

**Республиканский военно-патриотический сбор молодежи «Айбын» в этом году вновь проходит в онлайн-формате. В нем в составе 74 команд, представляющих республиканские школы «Жас улан», Военный колледж Министерства обороны имени С. Нурмагамбетова, военно-патриотические клубы Вооруженных Сил, других войск и воинских формирований областей и городов республики, принимают участие более 1100 юношей и девушек.**



На церемонии открытия республиканского сбора из фронт-офиса, размещенного в Национальном военно-патриотическом центре Вооруженных Сил, к участникам обратились заместитель Премьер-Министра Ералы Тугжанов и министр обороны генерал-лейтенант Мурат Бектанов.

Руководитель оборонного ведомства привел слова Верховного Главнокомандующего Касым-Жомарта Кемелевича Токаева о том, что «молодежь – символ развития, они являются выражением надежды на светлое будущее».

– 2021 год объявлен Годом 30-летия Независимости Казахстана. Вы – поколение независимости, главное достояние страны, ее сила и потенциал, – сказал министр обороны.

Участникам сбора министр пожелал успехов в соревнованиях и бодрости духа, отметив их позитив и стремление связать свою жизнь с армией, чтобы достойно встать в один ряд с защитниками Отечества, избрав эту сложную и одно-

временно почетную профессию.

Сегодня во всех регионах страны созданы необходимые условия для подрастающего поколения, желающего познакомиться ближе с будущей профессией военного. Большую работу по военно-патриотическому воспитанию молодежи проводят акимы областей и городов, руководители управлений образования, по делам молодежи.

В церемонии открытия также приняли участие министр по чрезвычайным ситуациям генерал-майор Юрий Ильин, заместитель министра внутренних дел – главнокомандующий Национальной гвардией генерал-лейтенант Руслан Жаксылыков, заместитель председателя – директор Пограничной службы Комитета национальной безопасности генерал-лейтенант Дархан Дильманов, заместитель начальника Службы государственной охраны полковник Батырбек Байбосынов, заместитель председателя комитета дошкольного и среднего образования Министерства образования и науки Жомарт

Карабаев, представители других министерств и ведомств.

## Новшества этого года

Республиканский военно-патриотический сбор молодежи «Айбын» – ежегодное мероприятие, проводимое с целью совершенствования работы по военно-патриотическому воспитанию подрастающего поколения, пропаганды воинской службы и повышения имиджа Вооруженных Сил страны. Начиная с 2015 года, он проводился в Карагандинской области на базе учебного центра «Спасск».

В связи со сложившейся эпидемиологической ситуацией в стране в 2020 году сбор впервые прошел в онлайн-формате. Проведение онлайн-сбора способствовало выработке новых форм военно-патриотического воспитания, связанных с цифровыми технологиями, которые стали востребованы молодежью. В прошлом году впервые в индивидуальном конкурсе принимали участие все желающие граждане Республики Казахстан в возрас-





# СТРАНЫ



те от 14 до 18 лет, количество которых составило 1520 человек.

- Учитывая нестабильную эпидемиологическую обстановку в стране и по опыту прошлых лет, нами было принято решение провести седьмой республиканский сбор «Айбын», посвященный 30-летию Независимости Республики Казахстан, в онлайн-формате, - подчеркнул на брифинге, посвященном проведению сбора, заместитель начальника Генерального штаба - начальник Департамента воспитательной и идеологической работы ПШ ВС РК генерал-майор Серик Бурамбаев.

Он рассказал об особенностях организации сбора «Айбын» в этом году. Одна из особенностей – количество участников нынешнего сбора увеличилось в два раза. Если в прошлые годы количество конкурсантов варьировалось от 300 до 500 человек, то в этом году охват составил 1110 человек. Это 74 команды-участницы со всех регионов страны: 51 военно-патриотический клуб городов и областей, 17 военно-патриотических клубов видов Вооруженных Сил, родов войск, региональных командований, других войск и воинских формирований, а также 5 команд республиканских (областных) школ «Жас

Ұлан» и команда из Военного колледжа им.С.К.Нурмагамбетова. Вместе с тем, в онлайн-сборе помимо команд-участников, в отдельных конкурсах и соревнованиях в индивидуальном порядке может принять участие каждый в возрасте от 14 до 18 лет, зарегистрировавшийся в мобильном приложении «Айбын» и выполнивший все

условия конкурса и соревнований.

Еще одна особенность нынешнего сбора – в программу вошли два новых конкурса «Жас Сарбаз – жас тілшісі» (медиа-конкурс) и онлайн-турнир по национальной игре «Тоғызқұмалақ».

Кроме того, за 6 лет проведения сбора впервые на постоянной основе на площадке Национального военно-патриотического центра запущена площадка для юных патриотов - коворкинг-центр «Жас Сарбаз Хаб».

Коворкинг-центр «Жас Сарбаз Хаб» - это первое рабочее пространство, созданное для организации и проведения работы по военно-патриотическому воспитанию допризывной молодежи, в котором размещен фронт-офис сбора «Айбын», брифинг-зал и студия «Жас Сарбаз Медиа».

Начиная с этого года, введена номинация на самую лучшую организацию военно-патриотической работы среди всех регионов страны. По итогам сбора будет вручен переходящий кубок «Патриоттар мекені» победителю номинации – региону или городу республиканского значения.

Как и в прошлом году, все состязания и конкурсы организованы на базе мобильного приложения, куда участники загружают видео выполнения нормативов и заданий. За правильным выполнением, а также честностью и прозрачностью конкурсов и соревнований наблюдают члены судейской коллегии сбора.

При этом каждую субботу и воскресенье в рамках сбора планируется прове-















дение мастер-классов, тренингов, встреч с интересными людьми.

За ходом конкурсов и соревнований может наблюдать каждый интернет-пользователь через веб-сайт и мобильное приложение «Айбын».

Республиканский военно-патриотический сбор молодежи «Айбын-2021» продлится до 30 ноября. Церемония его закрытия и награждение победителей состоятся в рамках Первого форума юных патриотов «Егемен Елдің ертеңі – мен жас сарбаз».

### Конкурсы

На момент подготовки данного материала, завершился третий конкурс VII республиканского военно-патриотического сбора молодежи «Айбын-2021» в онлайн-формате – конкурс изобретательства «Smart Sarbaz - 2021» и стартовал нововведенный медиа-конкурс юных журналистов «Жас сарбаз - жас тілшісі», который пройдет до 22 ноября.

Первый конкурс сбора молодежи - интеллектуальная игра «Айбын дарыны» - состоял из вопросов, посвященных культуре казахского народа, батырам Великой степи, отечественной кинематографии, вопросов на логическое мышление. В одном из туров - «Полиглот» - вопросы на разные темы участникам задавались на казахском, русском и английском языках. В игре участвовали по 1 представителю от каждой команды. С этого года результаты «Айбын дарыны» входят в общекомандный зачет сбора.

По результатам конкурса среди команд военно-патриотических клубов областей, городов Нур-Султан, Алматы, Шымкент выявилась тройка лидеров: 1 место за-

няла Диана Кабдыкарим (ВПК «Алакөл Арландары», Алматинская область), 2 место - Султан Серікұлы (ВПК «Жетісу Тарландары», Алматинская область), 3 место - Ислам Казезулы (ВПК «Сұңқар», Восточно-Казахстанская область).

Среди команд военно-патриотических клубов Вооруженных Сил Республики Казахстан, других войск и воинских формирований места распределились следующим образом: 1 место - Сапаргул Мирзакимова (ВПК «Жас Ұрпақ», ЧНП Сухопутных войск ВС РК), 2 место - Саян Құлжан (ВПК «Арыс», Управление начальника тыла и вооружения ВС РК, г. Арысь), 3 место - Гаухар Жиенбаева (ВПК «Орленок», ЧНП Сил воздушной обороны ВС РК).

Среди команд военного колледжа Министерства обороны, республиканских школ «Жас Ұлан», областных военных

школ-интернатов самыми эрудированными оказались: занявший 1 место Асылжан Жангубек (Военный колледж имени Героя Советского Союза, Халық Қаһарманы, генерала армии Сағадата Нурмағамбетова МО РК, г. Нур-Султан), удостоившийся 2 места Бекмухамед Еркебай (республиканская школа «Жас Ұлан», г. Шымкент), обладатель 3 места Жандос Базарқат (специальная мужская школа-лицей-интернат «Жас Ұлан», г. Семей).

Новый конкурс - национальная игра «Тоғызқұмалақ» - стал вторым этапом республиканского сбора и проходил в специальном приложении онлайн. По правилам игры ход идет поочередно со стороны игроков. В приложении автоматически определяется, кто делает ход. Время, предоставляемое каждому участнику в приложении на игру - 10 минут. Игра автоматически завершается по истечении этого времени. В зависимости от количества набранных баллов система показывает рейтинг участников.

Среди команд военно-патриотических клубов областей, городов Нур-Султан, Алматы, Шымкент лидерами стали: 1 место - ВПК «Сұңқар» (г. Шымкент), 2 место - ВПК «Арлан» (г. Нур-Султан) и «Жетісу тарландары» (Алматинская область), 3 место - ВПК «Альтаир» (Мангыстауская область), ВПК «Сыр Айбыны – 1» (Кызылординская область), ВПК «Бүркіт» (г. Нур-Султан).

Среди команд военно-патриотических клубов Вооруженных Сил Республики Казахстан, других войск и воинских формирований места распределились следующим образом: 1 место - ВПК «Жас артил-







леристер» (Региональное командование «Юг»), 2 место - ВПК «Бүркіт» (Национальная Гвардия РК), ВПК «Арыс» (Управление начальника тыла и вооружения ВС РК, г. Арысь), 3 место - ВПК «Батыс» (Региональное командование «Запад»).

Среди команд военного колледжа Министерства обороны, республиканских школ «Жас Ұлан», областных военных школ-интернатов лидерами стали: 1 место - республиканская школа «Жас Ұлан» (г. Алматы), 2 место - военный колледж имени Героя Советского Союза, Халық Қаһарманы, генерала армии Сағадата Нурмағамбетова МО РК (г. Нур-Султан), 3 место - республиканская школа «Жас Ұлан» (г. Шымкент).

Основными целями изобретательного конкурса «Smart Sarbaz-2021» стало привитие интереса подрастающему поколению к сфере высоких технологий, реализация ими своих потенциальных возможностей.

Среди команд военно-патриотических клубов областей, городов Нур-Султан, Алматы, Шымкент в этом состязании лидерами стали: 1 место - ВПК «Альтаир» (Мангыстауская область), 2 место - ВПК «Ақтау» (Мангыстауская область), 3 место - ВПК «Турксиб» (г. Алматы).

Среди команд военно-патриотических клубов Вооруженных Сил Республики Казахстан, других войск и воинских формирований места распределились следующим образом: 1 место - ВПК «Жас артиллеристер» (Региональное командование «Юг»), 2 место - ВПК «Жас Батыр» (Министерство по чрезвычайным ситуациям



РК), 3 место - ВПК «Жас десантшылар» (Десантно-штурмовые войска СВ ВС РК).

Среди команд военного колледжа Министерства обороны, республиканских школ «Жас Ұлан», областных военных школ-интернатов лидерами стали: 1 место - специализированная мужская школа-лицей-интернат «Жас Ұлан» (г. Семей), 2 место - республиканская школа «Жас Ұлан» (г. Шымкент), 3 место - военный колледж имени Героя Советского Союза, Халық Қаһарманы, генерала армии Сағадата Нурмағамбетова МО РК (г. Нур-Султан).

Нововведенный конкурс сбора - медиа-конкурс юных журналистов «Жас сарбаз - жас тілшісі» проходит в четыре этапа.

По словам председателя детско-юношеского военно-патриотического движения «Жас сарбаз» капитана Мейрбека Мендығалиева, в рамках нового состязания юных корреспондентов конкурсанты готовят видео-презентации о родной земле, пишут статьи о сборе «Айбын» и его участниках, будут выходить в прямые эфиры с мест проведения отдельных соревнований.

В программу сбора также входят соревнования по военно-прикладным видам спорта, конкурс по оказанию первой медицинской помощи «Саламатты Жас Сарбаз», творческий конкурс «Айбын жұлдызы». На конкурсе челленджей «Мейірімділік біріктіреді» каждая команда должна снять и разместить в социальных сетях видеоролик, направленный на укрепление единства и сплочения подрастающего поколения, формирование любви к добрым делам и популяризацию главных ценностей волонтерства.

Прошедшие в финал команды примут участие в игре «Білім. Абырой. Жеңіс», где каждая команда покажет свои действия при чрезвычайных ситуациях. По итогам игры будет определен обладатель Гран-при сбора «Айбын».

### Командный дух

Военнослужащие бригады противовоздушной обороны Шымкентского гарнизона и воспитанники военно-патриотического клуба «Жас зымыраншы» общей средней школы №31 имени В. Терешковой, принимающие участие в сборе молодежи «Айбын-2021», в преддв



рии 30-летия Независимости совершили однодневное путешествие - восхождение на вершину горы Казыгурт.

Главная цель мероприятия - воспитание подрастающего поколения в духе патриотизма и пропаганда здорового образа жизни. Воспитанники, с нетерпением и интересом ожидавшие поездки в горный край, прошли 2 часа пешком до вершины, поднялись на вершину Казыгурт высотой 1768 метров и в честь 30-летия Независимости Казахстана подняли Голубой флаг страны.

Теперь о других конкурсантах. Карагандинская молодежь, принимающая участие в военно-патриотическом сборе «Айбын», наблюдала за церемонией открытия мероприятия из Дома дружбы. Состязаются со своими сверстниками из других регионов воспитанники военно-патриотических клубов «Жас Ұлан», «Кайсар», «Бүркіт», «Жас мотоақыштар» (в/ч 31775 регионального командования «Астана»), «Жас зеңбірекшілер» (в/ч 06708, Приозерск), а также учащиеся общеобразовательной школы имени Нуркена Абдирова и ОШ № 35 имени Героя Советского Союза Юрия Павлова.

Заместитель командующего войсками регионального командования «Астана» по воспитательной и идеологической работе полковник Мурат Агубаев призвал карагандинскую молодежь всегда ориентироваться на объединяющие всех казахстанцев ценности: созидательный труд, мир и согласие, единство народа, гордость за Родину.

- Молодежь принимает активное участие в жизни государства, способствует развитию гражданского общества и успешной модернизации страны. Огром-



ное значение у нас придается формированию и воспитанию патриотизма среди молодых казахстанцев. Военно-патриотический сбор «Айбын», ставший доброй традицией, является уникальной площадкой для дальнейшего роста подрастающего поколения. Многие из вас в ближайшем будущем станут настоящими защитниками своего Отечества, уверен, что вы достойно справитесь с поставленными задачами, - отметил он.

- Сегодня нас особенно радует позитивное отношение к патриотизму и желание молодых людей связать свою жизнь с армией. Ребята, призванные на службу в Вооруженные Силы Казахстана из нашей области, всегда показывают хорошие результаты в боевой и физической подготовке, - в свою очередь, подчеркнул начальник департамента по делам обороны по Карагандинской области подполковник Жанас Кунанбаев.

18-летний Тамирлан Бауыржанов, ка-

питан военно-патриотического клуба «Бүркіт» имени Героя Советского Союза Нуркена Абдирова, пожелал удачи карагандинцам, а также участникам из других регионов.

- Я обучаюсь в Карагандинском высшем политехническом колледже, в конкурсе «Айбын» участвую уже третий год. Наша команда, в которую входят 5 девушек и 10 парней, является неоднократным победителем областных соревнований. Приложим все свои силы, чтобы добиться высоких результатов и войти в число лучших патриотов страны, - сказал он.

От Сил Воздушной обороны в военно-патриотическом сборе молодежи «Айбын» в этом году принимают участие три военно-патриотических клуба: «Орленок», «Жас зымыраншы» и «Жеңіс».

Школьники из села Жетыген Алматинской области впервые в числе участников сбора. В составе команды «Орленок» есть бронзовые призеры интеллектуальной олимпиады, получившие медали из рук Первого Президента РК Нурсултана Абишевича Назарбаева Гаухар Жиенбаева и Кумисай Курбанбаева.

- Мы впервые принимаем участие в таком масштабном мероприятии. Надеемся, что наши знания позволят одержать достойную победу, реализовать свои возможности и раскрыть таланты во всех конкурсах, - отметил капитан команды Даулет Сембай.

Все участники сбора усердно готовились к этим состязаниям и настроены на то, чтобы показать отличные результаты в ходе конкурсов.



**Алия МАЙСЕИТОВА,  
Фархат КИНЖИТАЕВ**





# ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ - МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ РУХЫ

Еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады» деген еді. Қазақстандық патриотизм принциптерінің негізінде еліміздің рухын қалыптастыру әскери адамдардың басты тапсырмаларының бірі.



Бүгінгі таңда қоғам мен мемлекеттің білім беру жүйесінің алдына қойып отырған міндеттерінің бірі – жеткіншектерді Қазақстандық елжандылық пен Қазақстанда тұратын халықтардың ұлтаралық ынтымақтастығы рухында тәрбиелеу болып табылады. Бұл мәселенің көкейкестілігі қазіргі әлемді жаһандандыру жағдайында бұрынғысынан да артып отыр.

Әскери-патриоттық жұмыстар әскери қызметшілер мен өскелең ұрпақты па-

триотизм мен Отанға деген махаббат сезімінде тәрбиелейді..

Әскери-патриоттық тәрбиенің мақсаты – жастарда азаматтылық патриоттылықты дамыту. Оларда өмірдің әр саласында керекті белсенді көрінулерді құру.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін келесі негізгі міндеттерді орындау талабы орын алады:

- жастардың санасында және сезімінде патриоттық құндылықтарды, көзқарасы мен сенімінде Қазақстанның мәдени

және тарихи өткеніне деген ілтипатты, мұны әсіресе әскери қызмет салаларында бекіту;

- жастарға Отанға шын берілудің негізін қалыптастыратын және оны дамытатын тиімді, әскери-патриоттық жүйе құру;

- әскери-қызметтік тәрбие жүйесінің тұтас қызмет ету әсерін қамтамасыз ететін, оның ішінде ҚР Қарулы Күштер қатарында қызмет етіп жатқандарды қамтамасыз ететін механизм құру.

Әскери-патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаттары жастарды өз отанының адал патриоты болуға тәрбиелеу. Бүгінгі жастар отанымыздың келешегі, сондықтан олармен санасып, пікірін тыңдау арқылы қоғамға белсене араласуына көмектесуіміз қажет.

Әскери-патриоттық тәрбиенің негізгі алатын қоғамдағы ролі ерекше болып саналады. Жас курсанттардың әскери борышын орындауы, өздерін нақты істе көрсетуі, мемлекеттің қорғаныс қабілетін нығайту жолында өз күштері мен кәсіби білімдерін жұмсауы – Патриотизмнің негізгі ұстанымы болып табылады.

Біз сияқты аға ұрпақтың ерлік эстафетасын лайықты жалғастыратын, Қазақстанның гүлденуі мен оның әлемде танылуы жолында әрдайым биіктен табылатын мына Сіздер сияқты жастарға үлкен үміт пен жауапкершілік жүктеледі.

Әскери жастардың тәрбиесінде, білімінде Құрлық әскерлерінің Әскери институты да біршама маңызды рөл атқарып келеді. Бұл оқу орнында

ұлтымыздың бұрынғы және қазіргі мәдениеті мен тұрмысына көңіл аудару, мемлекеттің әскери тарихын, жауынгерлік дәстүрлер мен салтананы зерделеу мен насихаттау арқылы жастарға патриоттық тәрбие беру, Қазақстан әскерінің қалыптасуы мен дамуының тарихи кезеңдерінен де мол мағлұмат алу сияқты көптеген игі істер жасалған. Айта берсек, институтта қазақтың ұлттық рухын дамытатын әртүрлі үйірмелер де жұмыс жасайды. Бұл дегеніміз, жастарға патриоттық тәрбие берудегі үлкен іс. Осы үйірменің негізін салуға өзім де атсалысқан болатынымын. Яғни, бүгінде Құрлық әскерлерінің Әскери институты өскелең ұрпақты әскери-патриоттық рухта тәрбиелеуде үйлестіруші мекемеге айналып отыр.

Жалпы қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу бойынша барлық жерде идеологиялық жұмыстар жүргізілуде. Жастарымыз спорттың әскери-қолданбалы түрлері бойынша және әскери-далалық тактикалық ойындарда додаға түсіп жатыр. Жас патриот образын қалыптастыру мен шығармашылығын дамытуда барлық оқу орындары жыл сайын жарыстар, ардагерлермен кездесулер ұйымдастыруда.

Отанға деген сүйіспеншілік – азаматтың еліне деген үлкен құрметінің белгісі. Әскери-патриоттық тәрбие қоғамымыздың жаңаруына өзіндік ықпалын тигізеді. Отан қорғау қызметінде эмоционалдық, күш-жігерлік қатынас, адалдық және басқа да адами құндылықтар салтанат құрғанда ғана ол өз нәтижесін береді. Соның ішінде отбасының ролі зор. Үлкендер балаларына ерлікке ұмтылыс, жеңуге құмарлық, өз-өзіне талап қойғыштық, өз қатарластарының арасында, ұжымда өз орнын табу, олардың сеніміне ие болу секілді қасиеттерді үнемі айтып отырғаны жөн.

Сонымен бірге балаларды жарыстарға, спорт ойындарына қатыстырып, әскери техника, әртүрлі әскери белгілерді айыру, әр әскери топтардың киім түрлері мен тарихы туралы баяндап отырса нұр үстіне нұр.

Әскери-патриоттық тәрбиенің мынадай бағыттарына тоқталайын:

Рухани-адамгершілік – әлеуметтік маңызды үдерістер мен шынайы өмір құбылыстарын, бағыттар мен мұраттарды, жоғары құндылықтарды



жеке тұлғаның түсінуі, оларды тәжірибелік қызмет пен тәртіпті анықтау қағидалары, ұстанымдары ретінде басқару қабілеттілігі. Оған мыналар енеді: жоғары мәдениет пен білімділікті таныту, Отанға адал қызмет етуге даярлық ретіндегі мұраттарды түсіну, ұжымшылдық пен жауапкершіліктің, әскери намыс сапаларын, мінез-құлықтың жоғары адамгершілік, кәсіби этикалық нормаларын қалыптастыру

Тарихи шығу тегімізді тану, Отанның, оның тағдырының қайталанбайтынын, одан ажырамайтынын, ата-бабалары мен замандастарының істеріне қатыстылығына мақтанышты, мемлекет пен қоғамның саяси жүйесінде ҚР Әскери Күштерінің, басқа да әскердің,



әскери құрамалар мен органдардың ролі мен орнын, әскери доктрина мен елдің қауіпсіздік тұжырымдамасының негізгі қағидаларын, әскери саясатты, мемлекет пен қоғамдағы саяси және құқықтық оқиғалары мен үдерістерін, конституциялық және әскери борышын орындауға тарихи жауапкершілікті түсіну.

Ұлттық бірегейлікті сақтаудың басты жолдарының бірі болып жастарға патриоттық тәрбие беруде халықтың тарихи-мәдени мұрасын пайдалану болып табылады.

Мемлекет заңдарымен, әсіресе Қазақстан азаматының құқықтары мен міндеттерімен, қоғамның әскери ұйымы жұмысының құқықтық негіздерімен және қызметтерімен танысу, командирлердің, басшылардың, жоғары лауазымдық тұлғалардың талаптарын, әскери жарғылардың, Әскери анттың қағидаларын түсіну енеді.

Патриоттық – қазақстандықтардың тағдыры мен дүниетанымы, өмір үлгісі, ұлттық сана-сезімі, біздің мемлекет пен қоғамның дамуы және қалыптасу ерекшелігі көрініс табатын маңызды рухани-адамгершілік және мәдени-тарихи құндылықтарына тәрбиелеу. Оған мыналар енеді: өз Отанына деген шынайы сүйіспеншілік және шын берілгендік; ұлы халыққа, оның ерлігіне, басынан өткен сынақтары мен шешімі табылмаған мәселелеріне қатыстылығына мақтаныш, ұлттық рәміздер мен қасиеттерді қадірлеу; мемлекет пен қоғамға адал және бар ынта-





сымен қызмет етуге даярлық.

Кәсіби-іскерлік – Отанға қызмет етуге байланысты еңбекке адал және жауапкершілік қатынасты қалыптастыру, алға қойылған мақсаттар мен қызметтік міндеттерді табысты орындауда кәсіби-еңбек қабілеттерін белсенді көрсетуге ұмтылыс. Оған мыналар енеді: жеке тұлғаның өзін көрсетудегі кәсіби-іскерлік құндылық бағыттары, мақсаттары мен міндеттері, дәйектемелері, қызметте жоғары нәтижеге жетуге мақсаттылық пен кәсіби талаптар, қызметтік міндеттерді жоғары тиімділікпен және нәтижелі орындау қабілеттілігі және нақты мақсаттарға жету, өзінің кәсіби өсу жоспарын болжау және жүзеге асыру қабілеті.

Психологиялық – жастардың бойында жоғары психологиялық орнықтылықты, кез келген жағдайларда күрделі және жауапты міндеттерді орындауға даярлық, әскери және басқа да қызметтің ауыртпалығы мен тауқыметін, бөлімде, құрылымдық бөлімшелер ұжымында іскерлік және табысты өмірге қажетті маңызды психологиялық қабілеттерді жеңу қабілеттілігі. Оған мыналар енеді:

- әскери және басқа ұйымдарда әлеуметтік-психологиялық үдерістерді болжау және зерделеу;
- жағымсыз құбылыстардың алдын алу және соған сәйкес мінез-құлық көрсету;
- психологиялық қарбаластықты шешу;
- күйзелісті жеңу;
- әр жеке тұлғаның, жеке құрамның түрлі категориясының ерекшелігін есеп-

ке алып психологиялық қабілеттерін қалыптастыру; кәсіби сұрыптау үдерісінде және оның нәтижесі негізінде жеке тәрбиелеу жұмысы.

- әскери және басқа да мемлекеттік қызмет түрлерін және тұрмысты ұйымдастыруға, оқу-әскери міндеттерді орындауға байланысты адамгершілік ұстанымдар мен салттар, рухани құндылықтар, мінез-құлық ережелері мен нормалар, тәртіптер ретінде қоғамның әскери ұйымында қарым-қатынастың арнайы үлгілерін ұрпақтан ұрпаққа берілетін, қалыптасқан тарихи, тұрақты әскери дәстүрде тәрбиелеу.

Нағыз азаматшылдықты, шыннайы патриотизмді қалыптастыру өз Отанының таңдауын түсінген

нақты саяси, өзін-өзі анықтаған жеке тұлғаны меңзейді. Отанына, оның бай және даңқты тарихына, оның болашағына деген мақтанышты әр адам сезінетіндей әрекеттер жүйесін қалыптастыруымыз қажет. Елдің шешімін таппаған мәселелері мен болашағы барлық адамға түсінікті және жақын болуы тиіс. Бұл міндет барлық білім беру жүйесіне, мәдениет органдарына, қоғамдық ұйымдарға, бұқаралық ақпарат құралдарына, әр отбасына қатысты. Бұны елдің Туын, Әнұранын, Елтаңбасын қастерлеуге, заңды бұлжытпай орындауға, билікті сыйлауға тәрбиелеуден бастау қажет. Сонымен бірге Қазақ тілі еліміздің маңызды факторы болуы тиіс. Тілді әр адам меңгеруі, саналы түрде сөйлеуі тиіс. Бүгінгі күнде ана тілі және мемлекеттік тілді білумен қатар шығыс, еуропа тілдерін білу – бұл уақыт талабы.

Қоғамдағы діннің маңызы да өзгерді. Діни қауымдар қоғамда салауатты ахуалды, бейбітшілік пен келісімді ұстап тұру, руханилықты бекіту үшін көптеген істерді тындыруда.

Біз алдағы уақытта да саяси тұрақтылықты бекітетін құрылымдарды белсене қолдаймыз, экстремистік мақсатты көздеген құқыққа және конституцияға қарсы әрекеттерге жол бермейміз.

Қоғамның саяси мәдениетінің қалыптасуына, қарқынды дамуына себепші болатын ізгілендіру мұраттарының жүзеге асуына бұқаралық ақпарат құралдары, шығармашылық ұйымдар, мәдениет, білім беру жүйелері







қатысуы тиіс.

Біздің Отанымызды қорғау ісі - Қазақстан Республикасындағы бар халықтың ісі. «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері және қорғаныс туралы» заңда Отанды қорғау мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет ету ҚР азаматының мемлекет және халық алдындағы Конституциялық міндеті және борышы болып табылаты-

ны нұсқалған. Қазақстан Республикасы Конституциясының 124 бабында ҚР аумақтық тұтастығын және тәуелсіздігін қорғауды оның Қарулы Күштері жүзеге асырады деп атап көрсетілген.

Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы қалыптасқан тәуелсіз мемлекет ретінде өзінің әрі қарай даму жолымен сенімді қадаммен жүріп келеді. Қазақстан халқының басты байлығы –

ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.

Біздің елімізде жауынгерлік ерлік пен әскери қызмет ерекше құрметке ие. Отанымыздың тәуелсіздігін қорғау, мемлекеттің шекарасын күзету, халықтың тыныштығы мен әл-ауқатын қорғау – ерекше абырой мен сенім.

**Генерал-лейтенант  
Абай ТАСБОЛАТОВ**







# ЕЛДІ СҮЙЕР ҰЛАН БОЛ!



*«Мен немере сүйіп отырған адаммын. Балаларды өте жақсы көремін. Сол балалардың, бүлдіршін балғындардың бақытты болашағы үшін сұрапыл соғыста ер азабын мейлінше көрген адаммын.*

*Мен де адаммын жаралған сүйек, еттен,*

*Арым бар, намысым бар жан тербеткен.*

*Қазақтың қарапайым бір ұлымын,*

*Жанымды арым үшін құрбан еткен.*

*Балаларыма, немере, шөберелеріме айтар жалғыз тілегім: Елді сүйер ұлан болыңдар! Өз халқыңа лайықты азамат болып өсіңдер!»*

**Бауыржан Момышұлы**

*даңқты қолбасшы, Кеңес Одағының Батыры*

**Биылғы онлайн-форматында болған VII Республикалық «Айбын-2021» әскери-патриоттық жастар жиынының ашылуы қарсаңында Қазақстан Республикасы Қарулы Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің «Астана» өңірлік қолбасшылығы 06708 әскери бөлімінің «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубының тәрбиеленушілерінің қатысуымен «Халық батыры Бауыржан Момышұлының өмірі – патриотизм өнегесі» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылған болатын. Өскелең жастарға өнегесі мол аталған іс-шараның мақсаты қазақстандық батырлардың ерліктерін дәріптеу, Тәуелсіз Қазақстан еліндегі өскелең ұрпақтың бойында шынайы патриотизмді қалыптастыру және батырлар ерлігін мақтан тұтатын Республикалық «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиынына қатысатын тәрбиеленушілерді жігерлендіру болып табылады.**

Алдымен, «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубының капитаны Әсел Шанкитбаева халық батыры, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының

өмірбаянын оқып шықты:

Туған жерім Мыңбұлақ, арналы Ақсай,  
Ішсем суы татиды шекер, балдай.

Қызғалдақ қалың егіс, көк жоңышқа,

Сенен артық жер, шіркін, өтер қандай,  
– деп, батырдың өзі өлең жолдарымен жырлағандай, Бауыржан Момышұлы Жамбыл облысының Жуалы ауданына қарасты Мыңбұлақ ауылында дүниеге келген. Батыр өзінің өмірге келіп, дүние есігін алғаш ашқаны жайында «Ұшқан ұя» атты еңбегінде былайша суреттейді:

«Момыш әкемнің айтуынша, мен мың да тоғыз жүз оныншы жылдың қысында, ескіше декабрьдің жиырма төртінде туыппын. Әкем ол күні Әулиеата шаһарында екен. Мен туған соң Имаш бабам жан-жаққа кісі шаптырып әкеме де хабаршы жіберіпті.

...Жарық дүниеге келгеніме екі-үш ай болғанда, шешем мені күн көзіне шығарып, Имаш атамның алдына әкеліпті. Атам ерте көктем алдында ағаш отырғызып жүр екен.

Атасының қолын ұзартып, қолғабыс беруге келді, – депті, шешем ізетпен иіліп.

Атам еміреніп мені алақанына алыпты. Қолыма жас бұтақ ұстатып:

Құрық деп берсем – құл болма,  
Шыбық деп берсем – шіл болма.

Бәрінен де, шырағым,

Баяны жоқ ұл болма, – деп, келініне мені қайтарып берген екен. Атасымен алғашқы дидарласуының құрметіне деп,



алғашқы өсиет өмірлік өнеге болсын деп, әкем сол күні кешке мал сойып, ауыл ақсақалдарының басын қайта қосыпты».

Енді батыр атамыз Бауыржан Момышұлының осы «Ұшқан ұя» кітабындағы өнегелі тәрбие жайында жазылғанына зер салайық:

«Тағы бір жай ойыма оралады.... Киіз үйдің төрінде бір топ ауыл ақсақалдары жамбастай жайғасып баппен қымыз ішіп отыр екен.... Әкем дастархан шетінде қымыз құйып отыр. Ол мені ымдап шақырды да құлағым: «Сен немеңе, аталарыңа сәлем беруді ұмытпа дегенім қайда» – деп, сыбырлады. Мен қатты қызарақтап, үйден шыға жөнелдім. Сыртта біраз тұрдым да, нық басып үйге қайта кірдім. Көпшілікке қол қусырып тұрып: «Ассалам алейкум, аталар» – деп, әр сөзді қадап-қадап айттым. Әйткенмен мені араз етіп алмауы үшін бәрі де бір ауыздан: «әлейкум салам!» – десті. Сонан соң әрқайсысы маңдайымнан сипап мақтайды. Жақсы сөзге мәз болып мен әкемнің тізесін ала жайғасамын. Ол басымнан сипап отырып: «Жарайсың балам! Үйге кіргенде үлкендерге сәлем беруді ұмытпа. Әдепті бала сүйтеді»

Бозбала шағында жеті жылдық білім алған Бауыржан атамыз алғашқы еңбек жолын оқушыларға ұстаздық етуден бастайды, кейін екі жылдай қаржы саласында қызмет атқарады.

Батыр Бауыржан Момышұлының әскери өмірі 1932 жылдан басталады. Сол жылдың күзінде әскер қатарына шақырылып, алғаш рет әскери киім-кешек киеді. 1934 жылы запастағы әскери ретінде өзінің туған отбасына оралып, түрлі қызметте еңбек атқарады. 1936 жылы запастағы Б.Момышұлы Қызыл Армия қатарына екінші рет шақырылады.

Келесі кезекте сөз алған клуб тәрбиеленушісі Мейірлан Смайл батыр Бауыржан Момышұлының 1941-1945 жылдар аралығындағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерліктерін баяндады:

1941 жылдың 22 маусымында Адольф Гитлер бастаған фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына соғыс ашты. Сол кезде Қазақстан Республикасы осы Одақтың құрамында саналатын еді. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» ұранымен Кеңестер Одағы елінде Ұлы Отан соғысы басталған еді. Қатарларынан қалыспай қазақстандықтар да жаудан қорғау үшін майданға аттанып жатты.

Барлық одақтас республиканың

еңбекшілері алғашқы лекпен Мәскеу қаласын қорғауға аттанды. Қазақстан жерінде неміс басқыншыларынан азат етуге әскери құрамалар құрыла бастады. Соның бірі «28 панфиловшылар» деген атпен тарихта қалған 316-шы атқыштар дивизиясы Алматы қаласында жасақталды. Аталған атқыштар дивизиясының 1073-ші полкінің 1-ші батальоны аға лейтенант Бауыржан Момышұлының қолбасшылығымен жасақталған болатын. Генерал-майор И.В.Панфилов басқарған 316-шы атқыштар дивизиясы Мәскеу қаласын қорғау жолында бір айдан астам уақыт бойы Волоколам бағытын табандылықпен ұстап тұрды.

Шайқас кезінде 1941 жылдың қарашасында аға лейтенант Б.Момышұлы 316-шы атқыштар дивизиясына қарасты 19-шы гвардиялық атқыштар полкіне командир болып тағайындалады.

Мәскеу қаласын қорғау кезіндегі жан алысып, жан беріскен ұрыста гитлерлік неміс басқыншыларына қарсы қайтпас қайсарлық танытқан Бауыржан Момышұлының ерлігіне күллі Кеңестер Одағының елі сүйсінді. Орыс жазушысы Александр Бектің «Волоколам тас жолы» атты еңбегінің «Мен Мәскеу түбінде болған сұрапыл соғыс туралы айтып бере алатын, қанқұйлы ұрыстың тактикасы мен мағынасын ашып көрсете білетін, бар істің тағдырын шешетін ұрыспен тиянақты таныстыра алатын адамды көп іздедім. Ол – Бауыржан Момышұлы» – деген тебіреніспен басталатындығын, кітап бетін ашқанда анық аңғаруға болады.

Ұлы Отан соғысының қаншама айқасына қатысып, 27 рет жау шебін бұзып шыққан батальон командирінен бастап, дивизияны да басқарып, қолбасшы болған

Бауыржан Момышұлының нағыз ержүрек батыр ретінде тани аламыз.

Дөңгелек үстелді өткізу барысында заманауи интерактивтік тақта арқылы халық батыры, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының өмірі мен ерлік жолына арналған деректі фильмдер көрсетілді.

Жоғарғы ұйымшылдықпен өткен «Халық батыры Бауыржан Момышұлының өмірі – патриотизм өнегесі» тақырыбындағы дөңгелек үстелді қорытындылаған «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубының жетекшісі, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің азаматтық персоналы Тілек Алшымбекұлы Кенжебеков өз сөзін: «Қазақ халқының ұлы перзенті, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы – XX ғасырдың биігінде тұрған дара тұлға. Бүгінгі күнде батыр Бауыржан атамыздың өмірі мен ерлік жолын егеменді еліміздегі өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеудің таптырмас құралы деп білемін. Әрбір жеткіншектің бойына ұлттық рух пен патриоттық ұшқынның жалынын дарыту үшін және биылғы Республикалық «Айбын-2021» әскери-патриоттық жастар жиынына қатысуға ниет білдірген сіздер үшін де аты аңызға айналған даңқты қолбасшы, әрі қарымды қаламгер, Кеңестер Одағының Батыры, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының өмірі мен ерлік жолы өнеге болатыны сөзсіз» – деп, клуб тәрбиеленушілерін жігерлендірді.

**Шұғыла ӘБДІМҮТӘЛІП,  
«Жас зеңбірекші»  
әскери-патриоттық клубының  
тәрбиеленушісі**









# Ұлы дала әскері – Тәуелсіздік тірегі!



2021

# АЙЫБЫН

Республиканский  
военно-аналитический журнал